

Қазақстан Республикасының Прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурс пен тағылымдама өткізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 89 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 04 қазанда № 8781 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 4 мамырдағы № 40 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас прокурорының 04.05.2014 № 40 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Құқық қорғау органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 4) тармақшасын басшылыққа алып,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының Прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурс пен тағылымдама өткізу ережелері бекітілсін.

2. Кадр жұмысы департаментінің бастығы аталған бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуге шаралар қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының, ведомстволары мен мекемелерінің барлық қызметкерлері таныстырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Кадр жұмысы департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бас Прокуроры *Қазақстан Республикасының*
А. Дауылбаев
« К е л і с і л д і »
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігінің

2013 жылғы 29 тамыз

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б а с

П р о к у р о р ы н ы ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 8

т а м ы з д а ғ ы

№

8 9

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурс пен тағылымдама өткізудің аталған ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы (бұдан әрі – «Прокуратура туралы» Заң), «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңдарына (бұдан әрі - «Құқық қорғау қызметі туралы» Заң) және құқық қорғау қызметі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының әскери прокуратура органдарына әскери қызметке кіру мен өткеру тәртібі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдарымен айқындалады.

3. Прокуратура органдарына, ведомстволары мен мекемелеріне конкурстық негізде қызметке қабылдау (бұдан әрі – прокуратура органдары) бос лауазымдарға осы Ережелерге 1-қосымшаға сай, Лауазымдарға конкурстық негізде тағайындау тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Прокуратура органдарына қызметке қабылдау кезінде конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары

4. Бос лауазымға орналасу конкурсы (бұдан әрі - конкурс) Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу құқығын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

5 . К о н к у р с қ а :

1) он сегіз жасқа толған, бірақ отыз бес жастан аспаған;
Отыз бес жастан асқан тұлғалардың конкурсқа қатысуы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 10-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2) жарияланған бос лауазымға қойылған талаптарға сәйкес келген;

3) «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген Қазақстан Республикасының азаматтары қ а т ы с а д ы .

6. Конкурс туралы хабарландырулар жарияланғаннан кейін прокуратура органына осы Ережелердің 23-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған азамат конкурс қатысушысы болып табылады.

7. Жарияланған бос лауазымға орналасуға кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс комиссиясы (бұдан әрі – конкурстық комиссия) шешімінің негізінде тағылымдамадан өтуге жіберілген конкурс қатысушысы бос лауазымға орналасуға кандидат (бұдан әрі - кандидат) болып табылады.

8. Конкурс Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында (бұдан әрі – Бас прокуратура), Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінде (бұдан әрі ҚСЖАЕК) және оның аумақтық бөлімшелерінде, облыстық және оларға теңестірілген прокуратураларында, С.Есқараев атындағы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру, заңдылық пен құқықтық тәртіп мәселелерін зерттеу институтында (бұдан әрі – Бас прокуратураның Институты) өткізіледі.

9. Конкурс құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатарынан, конкурстан тыс қызметке қабылдануға құқығы бар және бос орынға тағайындау резервіне енгізілген, өздерінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері бос орынға орналастыруға сәйкес келетін адамдар болмаған жағдайда, бос орын пайда болған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей жарияланады.

10. Конкурс мынадай дәйекті сатылардан:

1) конкурс өткізу туралы хабарландыруларды жариялаудан;

2) конкурсқа қатысуға тілек білдірген азаматтардың құжаттарын қабылдаудан ;

3) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысушылардың құжаттары жарияланған лауазымның талаптарына сәйкестігін алдын ала қараудан;

4) конкурсқа қатысушылардың медициналық және психикалық-физиологиялық куәландырудан, соның ішінде әскери-дәрігерлік комиссияларында полиграфологиялық зерттеуден, міндетті арнайы тексеруден ө т у і н е н ;

5) конкурсқа қатысушылардың қолданыстағы заңнамалардың нормаларын білуге арналған компьютерлік тестілеуден;

б) кандидаттармен конкурс комиссиясы өткізетін әңгімелесуден;

7) кандидаттардың тағылымдамадан өтуінен;

8) конкурстық комиссияның қорытынды отырысынан тұрады.

11. Конкурсқа қатысушының дәйекті сатылардың біреуінен өтпегені конкурсқа одан әрі қатыстырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Прокуратура органы кадр жұмысының бөлімшесі конкурстық комиссия шешім шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей конкурсқа қатысушыға жазбаша нысанда конкурсқа одан әрі қатыстырудан дәлелді бас т а р т у д ы ж о л д а й д ы .

12. Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану және басқа да шығындар) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

3. Конкурстық комиссияны қалыптастыру

13. Прокуратура органдары конкурс өткізу үшін конкурстық комиссияны қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

14. Прокуратура органының басшысы не уәкілетті басшысы бекітетін конкурстық комиссияның құрамына кемінде бес мүше кіреді.

Конкурс комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Конкурстық комиссияның хатшысы оның жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесінің өкілі болып табылады.

15. Конкурстық комиссияның құрамына прокуратура органы бөлімшелерінің басшылары, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кадр жұмысы жөніндегі бөлімшелердің өкілдері және өзге де қызметкерлер енгізіледі.

Конкурс жарияланған бос лауазымы бар бөлімшелердің басшылары конкурстық комиссияның жұмысына қатысу үшін шақыртылуы мүмкін, олардың пікірі ұ сы ны с с и п а т ы н д а болады.

16. Прокуратура органы басшысының не уәкілетті басшысының шешімі бойынша конкурстық комиссияның төрағасы болып оның орынбасары не өзге т ұ л ғ а т а ғ а й ы н д а л а д ы .

17. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылар берген құжаттарды, олардың компьютерлік тестілеу нәтижелерін қарайтын, олармен әңгімелесуді өткізетін және тағылымдамадан өтуіне ұсыныс беретін, сондай-ақ жарияланған бос лауазымға орналасуға кандидаттарды түпкілікті іріктеуді жүзеге асыратын ал қ а л ы о р г а н б о л ы п т а б ы л а д ы .

18. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады

және егер, отырысқа қатысқан конкурстық комиссия мүшелері көпшілік дауыс берсе ол қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссия төрағасының дауыс берген шешімі қабылданды деп есептеледі.

Шешім хаттама ретінде ресімделіп, оған конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшы қол қояды.

19. Отырысқа конкурстық комиссия құрамының кемінде үштен екі бөлігі қатысса, оның отырысы заңды деп есептеледі.

4. Конкурс өткізу туралы хабарландыру

20. Прокуратура органдарында, ҚСЖАЕК-де, Бас прокуратураның Институтында конкурсты өткізу кезінде хабарландыру Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Прокуратура органдарының және ҚСЖАЕК-нің аумақтық бөлімшелерінде конкурс өткізу туралы хабарландырулар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді басылымдарда жарияланады.

Конкурс бос орын пайда болған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей жарияланады.

Мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жарияланғаннан кейін конкурс өткізу туралы хабарландыру Бас прокуратураның және конкурсты жариялаған прокуратура органының интернет-ресурсына орналастырылады.

Негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста болу кезеңіне бос лауазымға орналастыру үшін конкурс өткізген жағдайда бұндай шарт конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

21. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:

1) мекен-жайы көрсетілген прокуратура органының атауын, пошталық мекен-жайларын, байланыс телефондары мен факс нөмірлерін;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес негізгі функционалдық міндеттері, еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген бос лауазымдардың атауын;

3) жарияланған бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптарды;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі мен орнын (конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 жұмыс күні);

5) осы Ережелердің 23-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесін қамтуы тиіс.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпаратты қамтуы мүмкін.

22. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін жарияланған бос лауазымға тағайындауға (ауыстыруға) жол берілмейді.

5. Құжаттар қабылдау

23. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс жариялаған прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

- 1) осы Ережелерге 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтінішті;
- 2) осы Ережелерге 3-қосымшаға сәйкес нысандағы сауалнаманы;
- 3) осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (тұрғылықты тұратын мекен-жайы мен телефонын, оның ішінде байланыс жасайтын телефонды көрсете отырып) кадр есебі жөніндегі жеке іс парағын;
- 4) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, осы Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған қолмен немесе басылған түрде жазылған толық өмірбаянын;
- 5) жеке сәйкестіру нөмірі қамтылған Қазақстан Республикасының азаматтығын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелерін;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесін;
- 8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін;
- 9) соңғы жұмыс орны бойынша мінездемені;
- 10) 3x4 үлгідегі (2 дана) суретті;

11) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұрғылықты мекен-жайы бойынша салық органына табыс еткенін растайтын құжаттарды тапсырады.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелері мен атақтары берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпараттарды бере алады.

24. Азаматтар қоса берілген құжаттардың тізбесін көрсете отырып, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған осы Ережелердің 23-тармағында аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

6. Құжаттарды алдын ала қарау

25. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың құжаттарын алдын ала қарауды құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

26. Конкурстық комиссия ұсынылған құжаттарды конкурсқа қатысушылардың осы Ережелердің 5-тармағында белгіленген талаптарына сәйкестігін және осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес олардың толықтығын зерделейді.

27. Алдын ала қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия конкурсқа қатысушының жарияланған лауазымға белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігі туралы шешім қабылдайды немесе конкурсқа одан әрі қатыстырудан дәлелді бастартады.

28. Жарияланған лауазымға белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесі қызметке жарамдылығын айқындау үшін конкурсқа қатысушыға медициналық және психикалық-физиологиялық куәландырудан, оның ішінде әскери-дәрігерлік комиссияларында полиграфологиялық зерттеуден, міндетті арнайы тексеруден өтуге жолдама береді.

29. Прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесі конкурсқа барлық қатысушыларға әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысын және міндетті арнайы тексеру нәтижелерін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде прокуратура органдарында қызмет өткеруге денсаулық жағдайы жарамды және қызметке кіруге кедергілердің жоқтығы туралы міндетті арнайы тексеру нәтижелерін алған конкурсқа қатысушыларға компьютерлік тестілеудің өткізілетін уақыты мен орны туралы хабар береді.

Конкурсқа қатысушыларға хабар беру телефон арқылы, оның ішінде СМС-хатты жолдау арқылы немесе электрондық мекен-жайларына ақпаратты жолдау арқылы жүзеге асырылады.

30. Прокуратура органдарында қызмет өткеруге денсаулық жағдайы бойынша жарамсыз деп танылған немесе міндетті арнайы тексеруден өтпеген конкурс қатысушылары компьютерлік тестілеуге жіберілмейді, ол жөнінде прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесі әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындыларын және міндетті арнаулы тексерудің нәтижесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

7. Компьютерлік тестілеу

31. Компьютерлік тестілеудің мақсаты – конкурсқа қатысушылардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының нормаларын білуін әділ бағалау болып табылады.

32. Конкурсқа қатысушыларды компьютерлік тестілеу тестілеуге жіберу туралы хабарлаған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде, осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес, жарияланған бос орынға орналастыру конкурсына қатысушыларды компьютерлік тестілеу бағдарламасына сай жүргізіледі.

33. Конкурсқа қатысушыларды компьютерлік тестілеуді Бас прокуратура «Он-лайн» режимінде «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкерлерін тестілеу жүйесі» ақпараттық жүйесінде заңнаманың өзгеруіне қарай үнемі жаңартылып тұратын арнайы әзірленген сұрақтар бойынша конкурс қатысушысының таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде өткізеді.

Бас прокуратураның кадр жұмысы департаменті (бұдан әрі – Кадр жұмысы департаменті) компьютерлік тестілеуді Бас прокуратураның тестілеу залында «Он-лайн» режимінсіз өткізуі мүмкін.

Компьютерлік тестілеу процесі прокуратура органдарының Бірыңғай көлік саласының қорғалған байланыс арналары бойынша дыбыс-бейне хаттамалаумен бірге бейнеконференц байланысты қолдану арқылы өткізіледі.

34. Компьютерлік тестілеуді өткізудің айқындылығы тест шарттарының, уақытының, мазмұнының және нәтижелерді есептеудің стандарттылығымен қамтамасыз етіледі.

35. Компьютерлік тестілеуге жеке сәйкестіру нөмірі қамтылған Қазақстан Республикасының азаматтығын куәландыратын құжаты өзінде бар конкурсқа қатысушылар жіберіледі.

36. Компьютерлік тестілеу басталар алдында прокуратура органының Кадр жұмысы бөлімшесінің өкілі конкурсқа қатысушыларды тестілеуді жүргізу тәртібімен таныстырады және туындаған сұрақтарға жауап береді.

37. Тестілеу кезінде өзін нашар сезінген конкурсқа қатысушы ол жөнінде тестілеу басталғанға дейін прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесінің өкіліне хабарлайды. Бұл жағдайда мұндай конкурсқа қатысушыны тестілеу сол күні басқа уақытта немесе басқа күні өткізіледі.

38. Компьютерлік тестілеуге арналған үй-жай конкурсқа қатысушылардың ыңғайлы орналасу жағдайына сай келуі тиіс.

39. Компьютерлік тестілеу уақытында конкурсқа қатысушылар тестілеу өтіп жатқан үй-жайдан шығуға, басқа тұлғалармен сөйлесуге, материалдармен алмасуға, қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларды (оның ішінде ұялы телефонды, қалталы дара компьютерлерді және өзге де электрондық жабдықтарды), қағаздағы материалдарды қолдануға тыйым салынады.

40. Осы Ережелердің 39-тармағының талаптарын бұзған жағдайда кадр

жұмысы бөлімшесінің өкілі тестілеуді тоқтатып, бұзушылыққа жол берген конкурсқа қатысушыны тестілеуге арналған үй-жайдан шығарып жібереді және кадр жұмысы мен ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бөлімшелерінің өкілдерінің қолдары қойылған тиісті актіні толтырады.

41. Тестіні орындау уақыты 90 минутті (120 сұрақ) құрайды.

Тестілерді орындауға берілген уақыт өткен соң бағдарлама автоматты түрде ж а б ы л а д ы .

42. Тестілеу бойынша шекті мәнді нормативтік құқықтық актілер бойынша жалпы сұрақтар санының кемінде 70 % дұрыс жауабы құрайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы ережелері) (бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) бойынша дұрыс жауаптардың саны әр нормативтік құқықтық актінің 70%-нан кем болмауы тиіс.

43. Компьютерлік тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

44. Тестілеу аяқталған соң прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесінің өкілі қол қойып, мөр басқан тестілеу нәтижелерін конкурсқа қ а т ы с у ш ы л а р ғ а т а б ы с е т е д і .

45. Компьютерлік тестілеуден шекті мәннен төмен баға алған конкурсқа қатысушы конкурстың одан кейінгі сатысына жіберілмейді.

46. Компьютерлік тестілеу процесі бейнеконференц байланыспен хаттамаланады және ақпараттық жеткізгіште мұрағатталып, конкурстық рәсімдер аяқталған күннен бастап үш ай бойы Бас прокуратурада сақталады.

8. Конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу

47. Конкурсқа қатысушылармен әңгімелесуді конкурстық комиссия олардың жеке, моралдық, іскерлік және кәсіби қабілеттілігін алдын ала бағалау мақсатында конкурсқа қатысушыларға әңгімелесуге жіберілгені туралы хабарланған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде өткізеді.

48. Міндетті арнайы тексеруден өткен, денсаулығы бойынша прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамды деп танылған және компьютерлік тестілеуден шекті мәннен төмен емес баға алған конкурсқа қатысушы әңгімелесуге жіберіледі.

49. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың жеке, моралдық, іскерлік және кәсіби қабілеттілігін бағалай отырып, жарияланған бос

лауазымның біліктілік талаптары мен функционалдық міндеттерін негізге алады.

50. Әңгімелесу әрбір конкурсқа қатысушымен жеке өткізіледі және техникалық жазу құралдарының көмегімен тіркеледі.

51. Әңгімелесу нәтижелері бойынша конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыны тағылымдамадан өтуге жолдау туралы шешім қабылдайды немесе конкурсқа одан әрі қатыстырудан дәлелді бас тартады.

52. Прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесі конкурстық комиссия шешім шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тағылымдама өтуге жіберілген конкурсқа қатысушыларға оның өтетін орны мен уақыты туралы телефонмен, соның ішінде СМС-хатты жолдау арқылы не электрондық мекен-жайларына ақпаратты жолдау арқылы хабарлайды.

9. Кандидаттардың тағылымдамадан өтуі

53. Тағылымдама кандидаттың кәсіби жарамдылық деңгейін, практикалық дағдыларын, жеке, моралдық және іскерлік қабілеттіліктерін зерделеу мақсатында өткізіледі.

54. Конкурс жариялаған прокуратура органы кадр жұмысының бөлімшесі тағылымдама орнын және жетекшісін айқындайды.

55. Тағылымдама өту мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды.

56. Тағылымдамаға бақылау жасау конкурс жариялаған прокуратура органы кадр жұмысының бөлімшесіне жүктеледі.

57. Тағылымдама жетекшісі:

- 1) тағылымдаманың жеке жоспарын әзірлейді және бекітеді;
- 2) тағылымдамадан өтушіні функционалдық міндеттерімен, прокуратура органының жұмысын ұйымдастырумен таныстырады;
- 3) тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген мәселелерді зерделеу үшін қажетті әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;
- 4) тағылымдаманың жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылайды.

58. Прокуратура органына қызметке кандидат тағылымдама кезеңінде:

- 1) белгіленген мерзімде тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген іс-шараларды орындайды;
- 2) прокуратура органының еңбек тәртібін және ішкі тәртіпті сақтайды;
- 3) атқарған жұмыстың есебін жүргізеді;
- 4) тағылымдама барысында алған мәліметтерді жария етпейді;
- 5) өз өмірі мен денсаулығына қауіп төнуі мүмкін іс-шараларды қоспағанда прокуратура органдары өткізетін іс-шараларға қатысады;
- 6) қызметтік мүлікті және техникалық құралдарды ұқыпты ұстайды;
- 7) тағылымдама кезеңінде киімнің іскерлік стилін ұстанады.

59. Тағылымдама мерзімі аяқталған соң кандидат жазбаша есеп дайындап, онда өзінің жеке жоспарды орындағаны көрініс табуы қажет.

Есепке кандидат әзірлеген және тағылымдама жетекшісі қол қойған құжаттардың жобасы қоса тіркеледі.

60. Тағылымдама жетекшісі қол қоятын мінездеме кандидаттың тағылымдамадан өткен кезеңіндегі оның теориялық білімі мен практикалық жұмыстарын бағалаудың соңғы сатысы болып табылады. Мінездемеде кандидаттың алған білімі мен практикалық дағдыларының көлемі мен деңгейі, сондай-ақ кәсіби даярлығын, іскерлік қабілетін және кандидаттың жеке-дара нақты шешім қабылдау қабілеттілігін бағалауы көрініс табуы қажет.

61. Тағылымдама жетекшісі прокуратура органының кадр жұмысының бөлімшесіне тағылымдама аяқталған күннен бастап екі күннен кешіктірмей кандидатқа мінездемені табыс етуі тиіс.

62. Кандидаттың тағылымдама өту орнында дәлелді себептермен (науқастануы, отбасылық және өзге де мән-жайлар) болмаған жағдайда тағылымдама мерзімі ол болмаған уақытқа, бірақ бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

63. К а н д и д а т :

- 1) осы Ережелердің 58-тармағында көзделген талаптардың біреуін бұзған;
- 2) тағылымдама өту орнында дәлелсіз себептермен болмаған;
- 3) тағылымдама өту орнында осы Ережелердің 63-тармағында көзделгеннен асатын мерзімде дәлелді себептермен болмаған жағдайларда тағылымдамадан өтпеген деп есептеледі.

10. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы

64. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы жарияланған бос лауазымға орналасуға кандидаттар арасынан іріктеуді жүргізу мақсатында тағылымдама аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ө т к і з і л е д і .

Конкурстық комиссияның қорытынды отырысына кандидаттың тағылымдамадан өту нәтижелері туралы баяндайтын тағылымдама жетекшілері ш а қ ы р ы л у ы мүмкін.

65. Конкурстық комиссия қорытынды отырысты өткізу нәтижелері бойынша м ы ң ш е ш і м д е р д і ң б і р і н :

- 1) жарияланған бос лауазымға тағайындауға ұсынуды;
- 2) бос орынға орналастыру резервіне енгізуге ұсынуды;
- 3) жарияланған бос лауазымға тағайындаудан бас тартуды қабылдайды.

66. Конкурстық комиссиямен бос орынға орналастыру резервіне енгізуге

ұсынылған кандидаттар конкурс жарияланған лауазым санаты бойынша резервке енгізіледі.

67. Конкурстық комиссияның резервке енгізу туралы ұсынысы әр бос лауазымға екеуден көп емес кандидаттарға қатысты шығарылады.

68. Резервке енгізу прокуратура органының басшысының бұйрығымен конкурстық комиссияның шешімі шыққан күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

69. Кандидаттардың бос лауазымға орналасу резервінде болу мерзімі, енгізілген күннен бастап бір жыл.

70. Прокуратура органының кадр жұмысының бөлімшесі конкурстық комиссияның қабылдаған шешімі туралы кандидаттарға оның қорытынды отырысы болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

71. Жарияланған бос лауазымдарға тағайындалуға ұсынылған, сондай-ақ бос лауазымдарға орналастыру резервіне енгізілген кандидаттардың тізімі конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның ақпараттық қабырғаларында, баршаға көрінетін жерлерге, сондай-ақ оның интернет-ресурсына орналастырылады.

72. Прокуратура органының басшысы немесе уәкілетті басшысы конкурстық комиссияның жарияланған бос лауазымға тағайындауды ұсынған кандидатты қабылдайды.

12. Шағым беру тәртібі.

73. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес конкурстық комиссияның шешіміне жоғары тұрған прокуратураға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотқа шағым келтірілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының
Прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережелеріне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде конкурстық негізде тағайындалатын лауазымдар тізбесі

1. Бас прокуратура, ҚСЖАЕК, Бас прокуратура Институты қызметкерлерінің лауазымдары

1. Бас прокуратураның департамент бастығы, Бас прокуратура Институтының Директоры, Бас Прокурордың ерекше тапсырмалар бойынша аға көмекшісі (С - G P - 1) .

2. Бас прокуратураның департамент бастығының орынбасары, Бас прокуратура Институты Директорының орынбасары, Бас прокуратураның жеке басқармасының бастығы (С - G P - 2) .

3. Бас прокуратура, ҚСЖАЕК, Бас прокуратура Институты басқармасының бастығы, Бас Прокурордың аға көмекшісі (С-GP-3).

4. Бас прокуратураның, ҚСЖАЕК, Бас прокуратура Институтының басқарма, бөлім бастығы, Бас Прокурордың кеңесшісі, көмекшісі (С-GP-4).

5. Бас прокуратура, ҚСЖАЕК, Бас прокуратура Институты басқармасының, бөлімінің аға прокуроры (С - G P - 5) .

6. Бас прокуратура, ҚСЖАЕК, Бас прокуратура Институты басқармасының, бөлімінің прокуроры (С-GP-6).

2. Облыстық прокуратура органдары және оларға теңестірілген прокуратуралар, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің облыстық органдары қызметкерлерінің лауазымдары

1. Облыстық прокурордың бірінші орынбасары және оған теңестірілген прокурор, ҚСЖАЕК облыстық органының бастығы (С-OGP-2).

2. Облыстық прокурордың орынбасары және оған теңестірілген прокурор, ҚСЖАЕК облыстық органы бастығының орынбасары (С-OGP-3).

3. Облыстық прокуратураның және оған теңестірілген прокуратураның, ҚСЖАЕК облыстық органының басқарма бастығы, облыстық прокурордың аға көмекшісі (С - O G P - 4) .

4. Облыстық прокуратураның және оған теңестірілген прокуратураның, ҚСЖАЕК облыстық органының басқарма бастығының орынбасары (С-OGP-5).

5. Облыстық прокуратураның және оған теңестірілген прокуратураның, ҚСЖАЕК облыстық органының бөлім бастығы, облыстық прокурордың көмекшісі (С - O G P - 6) .

6. Облыстық прокуратура және оған теңестірілген прокуратура, ҚСЖАЕК облыстық органы басқармасының, бөлімінің аға прокуроры (С-OGP-7).

7. Облыстық прокуратура және оған теңестірілген прокуратура, ҚСЖАЕК облыстық органы басқармасының, бөлімінің прокуроры (С-OGP-8).

3. Аудандық прокуратура органдары және оларға теңестірілген прокуратуралар қызметкерлерінің лауазымдары

1. Аудан прокуроры және оған теңестірілген прокурор (С-RGP-1).

2. Аудан прокурорының орынбасары және оған теңестірілген прокурор (С - R G P - 2) .

3. Аудан прокуратурасының және оған теңестірілген прокуратулардың бөлім

б а с т ы ғ ы

(С - R G P - 3) .

4. Аудан прокурорының және оған теңестірілген прокурордың аға көмекшісі (С - R G P - 4) .

5. Аудан прокурорының және оған теңестірілген прокурордың көмекшісі (С-RGP-5).

Қазақстан Республикасының
Прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
е р е ж е л е р і н е
2-қосымша

Нысан

Прокуратура органының, ведомствосы

мен мекемесінің басшысы

Өтініш

Мені _____

_____ бос лауазымына орналасу конкурсына қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының Прокуратура органдарында бос лауазымдарға орналасу конкурсын өткізу тәртібі мен шарттарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

(Қ о л ы)

(Тегі, аты-жөні)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін

Нысан

САУАЛНАМА
(қолмен толтырылады)

1. Тегі (егер өзгертсеңіз, бұрынғысын көрсетіңіз) _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
2. Азаматтығы _____
егер өзгертсеңіз, қай уақытта
өзгерткеніңізді көрсетіңіз _____
3. Сотталғансыз ба, қашан және не үшін _____
4. Шетелдегі оқу немесе жұмыс _____
Келген ел _____
Келген уақыт _____
Жұмыс немесе оқу орны _____
5. Соттың шешімімен еңбекке қабілетсіз немесе шектеулі қабілетсіз деп танылдығыз ба, қашан және не үшін _____
6. Белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айырылдығыз ба, қашан және не үшін _____
7. Прокуратура органының:
 - 1) Сіз ұмтылған лауазым тікелей бағынысты _____
 - 2) Сіз ұмтылған лауазым тікелей бағынатын _____
лауазымды атқаратын қызметкердің (ата-анасы, ұлы, қызы, асырап алушысы, асырып алынған, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер немесе апалы-сіңлілер, атасы, әжесі, немересі, зайыбы немесе жұбайы) жақын туысы болып табыласыз ба.
8. Прокуратура органдарына қызметке орналасардан үш жыл бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған үшін тәртіптік жауапкерлікке тартылдыңыз ба, қашан және кіммен _____

9. Прокуратура органдарына қызметке орналасардан үш жыл бұрын сот тәртібімен қасақана құқық бұзушылық жасаған үшін әкімшілік жазаға тартылдыңыз ба, қашан және не үшін _____

10. Құқық қорғау органдарына қызметке орналасардан үш жыл бұрын сот тәртібімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған үшін әкімшілік жазаға тартылдыңыз ба, қашан және не үшін

11. Бұрын құқық қорғау қызметінде болдыңыз ба, _____, егер болсаңыз, жұмыстан шығу себептерін көрсетіңіз _____
20 ____ ж. " ____ " _____

(қолы)

Қазақстан Республикасының
Прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережелеріне
4-қосымша


Нысан

Кадр есебі жөніндегі жеке

ІС ПАРАҒЫ

ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК

по учету кадров



1. Тегі _____

Ф а м и л и я

аты _____

и м я

әкесінің аты _____

о т ч е с т в о

2. Жынысы _____

П о л

3. Туған жылы, айы, күні _____

Г о д , ч и с л о и м - ц р о ж д е н и я

Туған жері _____

Место рождения (ауыл, деревня, қала, аудан, облыс, республика)
(село, деревня, город, район, область, республика)

5. Ұлты _____ 6. Азаматтығы _____

Национальность _____ Гражданство _____

7. Білімі _____

Образование

Оқу орнының атауы және оның тұрған жері Название учебного заведения и его местонахождение	Факультеті немесе бөлімі Факультет или отделение	Түскен жылы Г о д поступ ления	Бітірген немесе шыққан жылы Г о д окончания или ухода	Бітірмесе, қай курстан кетті Если не оконч. то с какого курса ушел	Оқу орнын бітірген соң қандай біліктілік алып шықты, диплом не куәлік номерін көрсету керек Какую квалификацию получил результате окончания учебного заведения, указать № диплом или удостоверения

8. Ана тіліңіз, басқа қандай тілдерді және қай дәрежеде білесіз

Родной язык, какими другими языками владеете и в какой степени

(оқи аласыз ба әлде сөздікпен аударма аласыз ба, оқи аласыз ба әлде түсіне аласыз ба, еркін сөйлейсіз бе / читаете и переводите со словарем, читаете и можете объясняться, владеете свободно)

9. Ғылыми дәрежеңіз, атағыңыз _____

Ученая степень, ученое звание

10. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бен ғылыми жаңалықтарыңыз бар _____

Какие имеет научные труды и изобретения

11. Сіз және сіздің жақын туысқандарыңыз* сотты болғансыздар ма / Имеете Вы и Ваши близкие родственники* судимость _____

(қашан және не үшін кім соттады, жазалау шарасы кем, когда и за что осужден, мера наказания)

*Жақын туыскандары: жұбайлар, олардың ата-аналары, аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері), балалары.

* Близкие родственники: супруги, их родители, братья, сестры, дети. Егер осы адамдар заңмен белгіленген тәртіпте тегін, атын, әкесінің атын өзгертсе, олардың бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ бұрынғы жұбайлар туралы деректер де көрсетілсін.

Указать и прежние фамилии, имена и отчества этих лиц, если они изменили их в установленном порядке, а также данные на бывших супругов.

14. Шетелдерде болуы (жұмыс, қызметтік іссапар, делегация құрамында бару) Пребывание за границей (работа, служебная командировка, поездка с делегацией)

Жылы мен айы Месяц и год		Қай елде В какой стране	Шетелге келу себе Цель пребывания за границей
Қай уақыттан бастап С какого времени	Қай уақытқа дейін По какое время		

15. Сайланбалы органдарға сайлады немесе сайланды (қайда, қандай органдарға және қашан)

В какие выборные органы избирался или избрали (где, в какие и когда)

16. Әскери қызметке қатысы _____

Отношение к воинской обязанности (әскери міндетті, әскери міндетті емес
Военнообязанный, невоеннообязанный)

(әскери-есепке алу мамандығы, әскери атағы, әскери билетінің номері және жеке номері военно-учетная специальность, воинское звание, номер военного билета и личный номер)

17. Қандай мемлекеттік наградаларыңыз бар _____

Какие имеете государственные награды (қашан, кім немен наградтады коғда, кем и чем награждены) _____

18. Паспорты _____
Паспорт (сериясы, номері, кім және қашан берген, тіркелген мекен-жайы серия, номер, кем и коғда выдан) _____

19. Тұрғылықты мекен-жайы (тіркелген орны/нақты тұрғылықты жері) _____

Место жительства (адрес регистрации/фактического места жительства)
20__ ж. “_____” _____ Өзінің қолы

(толтырылған мезгілі / дата заполнения) Личная подпись
(Жеке іс парағын толтырушы қызметкер кейінгі өзгерістер туралы: (білімі, ғылыми дәреже, атақ алуы т.с.с. қызмет орнына хабарлауға міндетті. Бұл мағлұматтар жеке іс қағазына түсіріледі).
(Работник, заполняющий личный листок, обязан о всех последующих изменениях (образовании, присвоении ученой степени, ученого звания и т.п. сообщить по месту работы для внесения этих изменений в его личное дело).

Қазақстан Республикасының
Прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережелеріне

5-қосымша

Нысан

	<p>Ө М І Р Б А Я Н А В Т О Б И О Г Р А Ф И Я</p> <p>_____</p> <p>(тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя, отчество)</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>
--	--

Өмірбаянды үміткер өз қолымен, еркін түрде, түзетулерсіз, төмендегі мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып жазады:

Автобиография пишется кандидатом собственноручно, в произвольной форме, без помарок и исправлений, с обязательным указанием следующих сведений:

- тегі, аты, әкесінің аты, туған датасы мен жері, ұлты, ана тілі, тағы қандай тілдерді біледі;

- фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность, родной язык, какими языками еще владеет;

- қашан, қайда, қандай оқу орындарында оқыды, білімі бойынша мамандығы;

- когда, где, в каких учебных заведениях учился, специальность по образованию;

- кім болып, қашан және қайда жұмыс істеді, кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның толық атауы мен мекен-жайы, бір жұмыстан басқа жұмысқа ауысу себебі көрсетілсін, тәртіптік, материалдық немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылды ма (қашан, кім қолданды, не үшін, ықпал ету шарасы);

- кем, когда и где работал с указанием полного наименования и адреса предприятия, учреждения или организации, причины перехода с одной работы на другую, применялись ли меры дисциплинарного, материального или общественного воздействия (когда, кем, за что, мера воздействия);

- әскери міндеттілікке қатысы, мерзімді әскери қызметке қашан және қандай әскери комиссариат шақырды (егер шақырылмаса, себебі көрсетілсін), қандай әскери бөлімдерде (номерлері көрсетілсін) және кім болып қызмет атқарды, Қарулы Күштерден запасқа қашан және қандай лауазымнан босатылған, әскери а т а ғ ы ;

- отношение к воинской обязанности, когда и каким военкоматом призван на действительную военную службу (если не призвался, указать причину), в каких воинских частях (указать номера) и в качестве кого проходил службу, когда и с какой должности уволен в запас Вооруженных Сил, воинское з в а н и е ;

- отбасы жағдайы, қашан некеге тұрды, әйелінің (ерінің) тегі, аты, әкесінің аты, туған датасы мен жері, ұлты, жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты жері (сондай-ақ үміткер мен оның әйелінің (ерінің) жақын туысқандары; әкесі, шешесі, аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) мен балалары, сондай-ақ бұрынғы әйелдері (ерлері) және олардың жақын туысқандары, ажырасу себептері көрсетіле отырып, некені бұзу туралы куәліктерінің номерлері, оларды қандай орган қашан бергені туралы мәліметтер ; егер үміткер, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандары тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен болса, олардың бұрынғы бағыттық деректері көрсетіледі, туысқандарынан кім ішкі істер органдарында немесе ішкі әскерлерде қызмет етеді (туысқандық дәрежесі , тегі, аты, әкесінің аты, қайда, лауазымы, арнайы немесе әскери атағы);

- семейное положение, когда вступил в брак, фамилия, имя, отчество, дата и место рождения , национальность; место работы и должность, место жительства жены (мужа); такие же сведения на близких родственников кандидата и его жены (мужа); отца, мать, братьев, сестер и детей, а также на бывших жен (мужей) и их близких родственников с указанием причин развода, номера свидетельств о расторжении брака, когда и каким органом оно выдано; если кандидат, его жена (муж) или их близкие родственники изменяли фамилию, имя, отчество, то указывается и их прежние установочные данные; служит ли то из родственников в органах внутренних дел или во внутренних войсках (степень родства, фамилия, имя, отчество, где должность, специальное или воинское звание);

- үміткер, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандарынан біреу шетел азаматтылығында тұрды ма (кім, туысқандық дәрежесі), олардың ішінде кім шетелдерде болды (қашан, қайда, қандай мақсатпен) немесе тұрақты тұруға шетелге шығу үшін өтініш білдірді (қашан, қандай себеппен), шетелдерде тұратын қазақстандық азаматтардың ішінде туысқандары бар ма (тегі, аты, әкесінің аты, туысқандық дәрежесі, немен айналысады, қайда тұрады), олармен байланыс немен к ө р і н е д і ;

- состоял ли кандидат, его жена (муж) или кто-нибудь из их родственников в иностранном гражданстве (кто, степень родства), кто из них был за границей (когда,

е р е ж е л е р і н е

б-қосымша

Жарияланған бос лауазымға орналасу конкурсына қатысушыларды компьютерлік тестілеу бағдарламасы

Бос лауазымды алу конкурсына қатысушыларды тестілеу бағдарламалары
мыналарды к о с а д ы :

(C-GP-1), (C-GP-2), (C-OGP-2), (C-OGP-3) санаттары үшін:

Қазақстан Республикасы заңнамаларын білуге тестілеуге Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (4 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс-жүргізу кодексін (4 сұрақ), Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін(4 сұрақ), Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу кодексін (4 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін (4 сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (5 сұрақ), «Прокуратура туралы» (12 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (5 сұрақ), « Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» (5 сұрақ), «Құқық қорғау қызметі туралы» (10 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (5 сұрақ), « Әкімшілік рәсімдер туралы» (5 сұрақ), «Мемлекеттік құпиялар туралы» (5 сұрақ) , «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» (5 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» (5 сұрақ), « Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (5 сұрақ), «Ұлттық қауіпсіздік туралы» (3 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (5 сұрақ) Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) (бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) (10 сұрақ) білу кіреді.

(C-GP-3), (C-GP-4), (C-OGP-4), (C-OGP-5), (C-RGP-1) санаттары үшін:

Қазақстан Республикасы заңнамаларын білуге тестілеуге Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (5 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс-жүргізу кодексін (5 сұрақ), Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін(5 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін (5 сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (5 сұрақ), «Прокуратура туралы» (12 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (5 сұрақ), « Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» (5 сұрақ), «Құқық қорғау қызметі туралы» (10 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (5 сұрақ), « Әкімшілік рәсімдер туралы» (5 сұрақ), «Мемлекеттік құпиялар туралы» (5 сұрақ)

, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» (5 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» (5 сұрақ), «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (5 сұрақ), «Ұлттық қауіпсіздік туралы» (5 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (5 сұрақ) Заңдарын, Ар-намыс кодексін (8 сұрақ) білу кіреді.

(С-GP-5), (С-GP-6), (С-OGP-5), (С-OGP-6), (С-RGP-2) санаттары үшін:

Қазақстан Республикасы заңнамаларын білуге тестілеуге Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (8 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс-жүргізу кодексін (8 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін (5 сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (7 сұрақ), «Прокуратура туралы» (12 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (5 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» (5 сұрақ), «Құқық қорғау қызметі туралы» (10 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (5 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (5 сұрақ), «Мемлекеттік құпиялар туралы» (5 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» (5 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» (5 сұрақ), «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (5 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (5 сұрақ) Заңдарын, Ар-намыс кодексін (8 сұрақ) білу кіреді.

(С-OGP-7), (С-OGP-8, ҚСЖАЕАК лауазымдарын қоспағанда, (С-RGP-4, С - O G P - 8) с а н а т т а р ы ү ш і н :

Қазақстан Республикасы заңнамаларын білуге тестілеуге Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (10 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс-жүргізу кодексін (8 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін (8 сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (7 сұрақ), «Прокуратура туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (10 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» (5 сұрақ), «Құқық қорғау қызметі туралы» (10 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (7 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (7 сұрақ), «Мемлекеттік құпиялар туралы» (5 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» (5 сұрақ), Заңдарын, Ар-намыс кодексін (10 сұрақ) білу кіреді.

(С-RGP-5), ҚСЖАЕАК (С-OGP-8) лауазымдарының санаттары үшін:

Қазақстан Республикасы заңнамаларын білуге тестілеуге Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (10 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін (7 сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (10 сұрақ), «Прокуратура туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күрес туралы» (10 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» (10 сұрақ), «Құқық қорғау қызметі туралы» (10 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (6 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (6 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» (6 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (5 сұрақ) Заңдарын, Ар-намыс кодексін (10 сұрақ) білу кіреді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК